

М.К. Бапиева¹, К.А. Елеуенова¹, Ш.Г. Мамытбаева¹

¹Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы,
Алматы қ., Қазақстан

БАҒДАРЛАМАЛЫ-НЫСАНАЛЫҚ ЖӘНЕ ГРАНТТЫҚ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ АЯСЫНДА ОРЫНДАЛҒАН ҒЫЛЫМИ - ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ НӘТИЖЕЛІГІ

Түйіндеме. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 149 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды және олардың орындалуы жөніндегі есептерді мемлекеттік есепке алу қағидасына сәйкес, орындаушы ұйым ғылыми зерттеулердің орындалуы бойынша ғылыми жобалар туралы есептерді мемлекеттік тіркеуге жібереді. Мақалада 2013-2015 жж. бағдарламалы-нысаналық және гранттық қаржыландыру бойынша үшжылдық байқау аясында аяқталған жобалардың нәтижесі бойынша орындалған есептеріндегі мәліметтеріне талдау жүргізілді. Қазақстанда мемлекеттік бюджеттен қаржыландыру негізінде жүргізілген ғылыми зерттеулердің салалық және түрлік құрылымы қарастырылды және нәтижелілігі айқындалды.

Түйінді сөздер: ғылыми-зерттеулер туралы есеп, гранттық, бағдарламалы-нысаналы қаржыландыру, іргелі және қолданбалы зерттеулер.

• • •

Аннотация. Согласно Правил государственного учета научных, научно-технических проектов и программ, финансируемых из государственного бюджета, и отчетов по их выполнению, утвержденных приказом Министра образования и науки Республики Казахстан от 31 марта 2015 года № 149 организация-исполнители предоставляют отчет по научным проектам о выполнении научных исследований. В данной статье проанализированы данные отчетов, завершённых научных проектов по результатам трехгодичного конкурса 2013-2015 гг., выполненных в рамках грантового и программно-целевого финансирования. Рассмотрена видовая и отраслевая

структура проводимых в Казахстане научных исследований, финансируемых из государственного бюджета, установлена их результативность.

Ключевые слова: отчеты о научно-исследовательских работах, грантовое финансирование, программно-целевое финансирование, фундаментальные и прикладные исследования.

...

Annotation. According to the Rules of State Registration of Scientific and Technical Projects and Programs Funded from the State Budget, and Reports on their Implementation, approved by order No. 149 of the Minister of Education and Science of the Republic of Kazakhstan as of March 31, 2015, the implementing organization provides a report on scientific projects on the implementation of scientific research. This article analyzes the data from reports of completed research projects on the results of a three-year competition from 2013 to 2015, carried out within the framework of Grant and Result Oriented Financing. Paper describes the specific and sectoral structure of scientific research conducted in Kazakhstan financed from the state budget and presents the results of its effectiveness.

Keywords: research reports, grant funding, result-oriented financing, basic and applied research.

Кіріспе. Әлемдік тәжірбиеге сәйкес 2011 жылға дейін Қазақстанда қаржыландырудың негізгі тәсілі бағдарламалы – нысаналық болды. Бағдарламалы – нысаналық қаржыландыру механизмі мемлекеттік стратегиялық маңызды міндеттерді шешуге бағытталған. 90-жылдарда республикамызда мемлекеттік тіркеу деректері бойынша 70-тен астам ғылыми-техникалық бағдарламалар жүргізілді, кейін олардың бірте-бірте қысқарғаны байқалады: 2006-2009 жылдарда 50-57 дейін, 2010, 2011 және 2012 жылдарда 25, 32, 54 ғылыми-техникалық бағдарламалар, 2013 жылы 23 бағдарлама тіркелген.

2011 жылдан бастап «Ғылым туралы» заңда мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын бағдарламалы-нысаналық қаржыландырудан басқа, гранттық және базалық қаржыландырудың қосылуына орай, ғылыми зерттеулерді қаржыландыру жүйесі енгізілген болатын. Гранттық қаржыландыру ғылыми ортада бәсекелікті дамытуға, жекеше бастамаларда ізденуді ынталандыру және зерттеулер нысандарын таңдауға бағытталған. Ғылыми-техникалық

ортада бағдарламалы-нысаналық қаржыландыруды қолдану тәжірибесі оның тиімділігін көрсетті. Орындалған ғылыми-техникалық бағдарламалардың нәтижелігіне талдау жүргізу барысында, оның ішінде қаржыландыру тәртібі, алынған нәтижелерін бақылау және ғылыми-техникалық саясаттың жүзеге асырылуы қарастырылған [1].

2014 ж. мемлекеттік бюджет шығыстарының ғылымға тиесілі үлесінің 37,8% бағдарламалы-нысаналық қаржыландыруға жұмсалған (2013 ж. – 32,5%). Гранттық қаржыландырудың үлесі біршама жоғары: 2014 ж. - 43,5% (2013 ж. – 46,1%) [2].

2015 жылы 441 ғылыми жоба аяқталған, оның ішіндегі 57 жоба бағдарламалы-нысаналық қаржыландыру, ал 384 – гранттық қаржыландыру бойынша орындалған жобаларға жатады. Барлық аяқталған ғылыми жобалардың жалпы санынан ішіндегі қолданбалы зерттеулер бойынша есептер 54,6 % немесе 241, іргелі зерттеулерге 45,1 % немесе 199, және тек 1 жоба тәжірибелік-конструкторлыққа тиесілі.


Бағдарламалы - нысаналық тәсілмен ұсынылған зерттеулер 18 салалық ғылыми-техникалық бағдарламалардың аясында орындалған. Ғылыми-техникалық бағдарламалардың әкімшілік құрылымына келетін болсақ: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне - 12, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігіне – 5 және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылық министрлігіне – 1 ғылыми-техникалық бағдарлама тиесілі.

Тіркеуге ұсынылған ғылыми-техникалық бағдарламалар аясында орындалған 57 жобаның 14 – іргелі зерттеулерге, ал 42 – қолданбалы зерттеулерге жатады және 1 жоба тәжірибелік-конструкторлыққа тиесілі.

Жұмыстардың негізгі үлесі 75 % қолданбалы сипаттағы техникалық ғылымдар саласына (энергетика, металлургия, электрохимия, мұнай химиясы, химиялық технология), медицина, биотехнология, ауыл шаруашылығы және гуманитарлық ғылымдарға (педагогика) тиесілі. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын талдаудың маңызды аспектісі – олардың нәтижелілігі болып табылады. Нәтижеліліктің критерийлері ретінде: жарияланым белсенділігі, патент енімділігі және алынған нәтижелерді практикалық пайдалану енімділігі саналады.

Бағдарламалы - нысаналық қаржыландыру аясында орындалған ғылыми жобалар бойынша есептердің ұйымдық құрылымы: ғылыми -

зерттеу институттары - 33 (55 %), басқа да ғылыми ұйымдар (ғылыми орталықтар, ғылыми лабораториялар) – 16 (28 %), басқа ұйымдар (жеке меншік және т.б.) – 7 (12,2 %), және жоғарғы оқу орындарының еншісінде 1 есеп (сурет 1).



Сурет 1 - Бағдарламалы-нысаналы қаржыландыру аясында орындалған ғылыми жобалар бойынша есептердің ұйымдық құрылымы

Жарияланымдар саны (есептерде ұсынылған деректер бойынша) 780 құрайды, қолданбалы зерттеулер саласындағы жобалар айқын басымдылықпен - 460, ал іргелі бағыттағы зерттеулерге – 320 тиесілі.

Орташа есеппен алғанда, салалық ғылыми-техникалық бағдарлама аясындағы бір жоба шамамен 13,4 жарияланымға ие. Сандық басымдыққа қарамастан, іргелі зерттеу жұмыстары үлкен басымдылықпен сипатталады, бұл жерде жарияланымның орташа есебі 22 шамасында, ал қолданбалы бағытта – 0,7.


Зияткерлік меншік объектілерін қорғау мәртебесін айқындайтын көрсеткіш – әртүрлі типтегі қауіпсіздік құжаттары болып табылады: патенттер, авторлық куәліктер/құқықтар. Аяқталған зерттеу жұмыстары бойынша орындалған есептердің мәліметтеріне сәйкес,

31 патент алынған. Қолданбалы бағыттағы зерттеулердегі патент саны – 23, іргеліде – 8.

Гранттық қаржыландыру бойынша 2013-2015 жылдары орындалған 3 жылдық зерттеу нәтижесі бойынша 384 аяқталған жоба бойынша есеп тіркелген. Оның 199 - қолданбалы зерттеулер бойынша, 184 - іргелі зерттеулер бойынша есептер.

Аяқталған ғылыми - зерттеу жобаларының ұйымдық құрылымы (ұйымның түріне қарай) келесі мәліметтермен сипатталады.

Жоғарғы оқу орындарының еншісінде 155 есеп (барлық тапсырылған жұмыстардың есебінен 40,3 %), ғылыми - зерттеу институттары – 166 (43,2 %), басқа да ғылыми-зерттеу ұйымдары (ғылыми орталықтар, ғылыми лабораториялар) – 31 (8 %), және басқалары (жеке меншік және т.б.) - 32 (8,3 %), (сурет 2).



Сурет 2 - Гранттық қаржыландыру аясында орындалған ғылыми жобалар бойынша есептердің ұйымдық құрылымы

2013-2015 жылдары гранттық қаржыландыру бойынша орындалған зерттеу жұмыстары бойынша есептердің мәліметтеріне сәйкес, жарияланымдар саны 4597 бірлік, оның ішінде іргелі зерттеулер бойынша – 1790, қолданбалы – 2807. Орташа есеппен

1 зерттеу жұмысына шамамен 12 жарияланым, іргелі зерттеулер бойынша – 15,1, қолданбалы – 9.

Зерттеу жұмыстарының есебіндегі мәліметтер бойынша 201 патенттер алынған. Қолданбалы зерттеулер бойынша патент – 148, іргелі зерттеулер бойынша – 53 патент, жоғарыда аталғандай, қолданбалы зерттеу жұмыстары қорғау құжаттарының саны, табиғаты бойынша әлеуеті жоғары болуы заңдылық.

Зерттеу барысында алынған патенттер саны 1 есепке шаққандағы орташа есебі 0,5 құрайды, осы жағдайда қолданбалы зерттеу жұмыстарында бұл көрсеткіш 0,7 тең, ал іргелі зерттеу жұмыстарында – 0,2.

Қорытынды. Жүргізілген зерттеулерді талдау негізінде 2015 жылы аяқталған, бағдарламалы-нысаналық және гранттық қаржыландыру аясында орындалған, 433 ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар нәтижелілігі туралы мәлімдеме алынды.

Мамандармен бірге қаржыландыру көзі де ғылымның дамуын анықтайтын факторлар болып табылады.

Гранттық және бағдарламалы-нысаналық қаржыландыру ғылыми зерттеулердің дамуы мен олардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған.

Республикада ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландырудың енгізілуі, ғылыми-зерттеу институттарының, жоғарғы оқу орындарының және басқа да ғылыми ұйымдардың (ғылыми орталықтар, ғылыми лабораториялар, жеке меншік және т.б.) белсенділіктерін арттырды.

Дамыған 30 елдің қатарына ену үшін, елімізде орындалып жатқан ғылыми зерттеулердің нәтижелігі, яғни жарияланым белсенділігі, патент өнімділігі және алынған нәтижелерді практикалық пайдалануға енгізілуінің алатын орны ете зор.

Әдебиеттер

1 Состояние и тенденции развития научно-технического потенциала в Республике Казахстана (по материалам государственной регистрации НИОКР и защищенных диссертаций в 2011 г.): Аналит. докл. – Алматы: НЦНТИ, 2012. – 70 с.

Справочный материал: Расходы республиканского бюджета на 2013-2014 гг.//Sc.edu.gov/kz.